

Мемлекеттік ресурстан реттелмелі баға бойынша құрамажем босатуды реттеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 19 шілде 1993 ж. N 1298. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677 Жарлығымен. ~U010677

Мемлекеттік ресурстан реттелмелі баға бойынша құрамажем босатуды реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. 1993 жылғы 20 шілдеден бастап Құс шаруашылығының өнімдерін өндіру және ұқсату жөніндегі "Құсөнеркәсібі" ауыл шаруашылығындағы өндірістік бірлестігінің, Өнеркәсіптік негізде мал шаруашылығының өнімдерін өндіру жөніндегі "Малөнеркәсібі" ауыл шаруашылығындағы өндірістік бірлестігінің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына, Ауыл шаруашылығында мал тұқымын асылдандыру және қолдан ұрықтандыру жөніндегі "Қазасылтұқымбірлестігі" Республикалық өндірістік бірлестігінің және Қазақ ауыл шаруашылық ғылым академиясының асыл тұқымды шаруашылықтарына, сондай-ақ халыққа (Қазақстан Республикасы Сауда министрлігінің қорлары бойынша) мемлекеттік ресурстан құрамажем босату, үстеме құнға салықты қоса отырып, әрбір тоннасына 30 мың сомға дейінгі есеппен шекті босату бағасы бойынша жүзеге асырылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті аталған қаулының 1 тармағында көрсетілген шаруашылықтарға сатылатын құрамажем көлемін, құрамажем кәсіпорындарының жеңілдікті баға бойынша құрамажем сатуға байланысты шығындарының орнын толтыру тәртібін белгілесін және осы мақсаттарға қаражат іздестірсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республика халқын 1992-1993 жылдары азық-түлікпен қамтамасыз етудің жағдайы мен шаралары туралы" (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 34, 510-бап) 1992 жылғы 17 қыркүйектегі N 917 қаулысының 7 тармағы құрамажемге сату бағасын айқындау бөлігінде күшін жойған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

